Облыс әкімінің "Облыста металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, өңдеуді және сатып өткізуді тәртіпке келтіру жөніндегі жұмыс комиссиясын құру туралы" 2001 жылғы ақпанның 12-індегі N 28 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 94 Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2001 жылғы 28 наурызда N 383 тіркелді

Облыс прокурорының 2001 жылғы сәуірдің 16-ындағы N 7-5-2001 нөмерлі наразылығын қарап, шешім етемін:

1. "Облыста металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды , өңдеуді және сатып өткізуді тәртіпке келтіру жөніндегі жұмыс комиссиясын құру туралы" облыс әкімінің 2001 жылғы ақпанның 12-індегі N 28 шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жұмыс комиссиясы құрамынан: В.М.Ежов - "МАЭК" РМК-ның материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі бастығының орынбасары, Н.М.Гузиев - облыстық телекоммуникация дирекциясы Ақтау қалалық телефон станциясының бастығы, Т.Ы.Ықылысов - "МЭБК" АҚ-ның вице-президенті, М.М.Бисұлтанов - " Қазақстан темір жолы" РМК-ны Атырау тасымалдау бөлімінің бөлімше бастығының орынбасары шығарылсын.

2 тармақтың екінші азат жолы мынадай редакцияда берілсін:

"рұқсат берілген құжаттары жоқ және лицензиялық нормалар мен ережелерінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін түсті және қара металл сынықтарын қабылдау пункттері қызметін болдырмау жөнінде жұмыс жүргізсін".

Облыс әкімінің міндетін атқарушы С.Керелбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК